# Орал қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 2991 "Орал қаласы бойынша 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 16 қазандағы N 2829 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 14 қарашада N 7-1-117 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 8 қаңтардағы N 26 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009.01.08 N 26 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес , еңбек нарығындағы жағдайы және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында, қала ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Орал қаласы әкімдігінің "Орал қаласы бойынша 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 2991 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-79 тіркелген, 2008 жылы 24 қаңтардағы "Жайық үні" газетінде жарияланған), Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 968 "Орал қаласы бойынша 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 2991 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-87 тіркелген, 2008 жылы 15 мамырдағы "Жайық үні" газетінің N 20 жарияланған), Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 тамыздағы N 2449"Орал қаласы бойынша 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 2991 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-112 тіркелген, 2008 жылы 2 қазандағы "Жайық үні" газетінің N 40 жарияланған қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып), қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1 қосымша "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбекақы мөлшері және

қосымшаларға сәйкес оларды қаржыландыру көздерінің тізбесі":
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 58 жолмен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "58 | "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жайық Каспий экология департаменті" мемлекеттік мекемесі | табиғат пайдаланушылар құжаттарымен жұмыс істеу, мемлекеттік инспекторларға құжаттарды дайындауға көмек көрсету, қалдықтар куәлігін тіркеу бойынша жұмыс | 1 қаңтардан 10515 теңге 1 шілдеден 12025 теңге"; |

көрсетілген қаулымен бекітілген 2-қосымшадағы "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбекақы мөлшері және қосымшаларға сәйкес оларды қаржыландыру көздерінің тізбесі" 47 реттік нөмірі жаңа редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "47 | "Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі | үй тізімдерін құрастыру | 8000 | 1 қаңтардан 4000 теңге 1 шілдеден 10000 теңге". |

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2008 жылдың 1 шілдесінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Л. Тоқжановқа жүктелсін.

*Қала әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК